

ЖЕТПІС ЖЫЛ БОЙЫ КҮНДЕЛІК ЖАЗҒАН ҚАЛАМҒЕР

Ермекова Гулназира Кенжесовна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
№21 Әл-Фараби атындағы мамандандырылған гимназия,
Қазақстан, Ақтөбе

Аннотация: Бул мақала Әзілхан Нұршайықов - біртуар қазақ әдебиеті авторы жустарына оның қаламгерлік өмирине арналған. Ол публицистика мен ақын және еңбек салушы ретінде танылған жазушының еңбек салушылық жолы бойынша өлеңдері, мақалалары мен романдары танымал болып табылады. Оның журналистикадағы адалдығы, жаңалықтарды анықтау және мінез-құлқын беру бойынша мәліметтерді жинауға арналған шеберліктері танымал болып табылады.

Кілт сөздер: қаламгер, күнделік, өмір сапары, әскер журналист, қазақ жазушылары

Қалың көпшілікке етене жақын «Махаббат қызық, мол жылдар» романы мен «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогиясының авторы, қазақтың біртуар азаматы, жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық жолы ақын және публицист ретінде басталған. Жазушының өлеңдері, мақалалары мен романдары бүгінге дейін халық жадында сақтаулы. Кей туындысын алып қарасақ та ондағы баяндалған оқиғалар тартымды әрі түсінікті. Кейіпкердің бейнесін, мінез-құлқын беруде ерекше шеберлік таныта білген жауынгер жазушының майдан даласынан бастап күні кешеге дейін қолынан қалам қағазын тастамағаны журналистикаға деген адалдығы.

Жазушы Герольд Бельгер: «Қазақ жазушыларының ішінде күнделік жазатындары некен-саяқ» деген болатын. **Әзілхан Нұршайықов 70 жыл бойы күнделік жазып, өлең шығарумен айналысқан.** Ал өмірінде күнделік жазамын деп ойламаған. Әскерге дейін айналасында болып жатқан оқиғаларды тиіп-қашып жүріп қағазға түсірген. **«Ең алғашқы жазбасы 1940 жылы 27 маусымнан басталған»** дейді «Әйгілі Әзаға: естеліктер мен эсселер жинағы» деген кітабында М.Тоқтағазин. [3,275] Сол күні былай деп ой түйген екен: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» деген Абай сөзі рас екен. Мен қалада жүргенде, анау-мынау ұсақ өлеңдер жаза беруші едім. Колхозға келгелі ешнәрсеге мойным жар бермейтін

болды». Мінекей қаламгердің жетпіс жылға созылған күнделік жазбасы осылай басталған. Күнде-күнде не істегенін, тірішіліктің түйткілдерін қағаз бетіне түсіруден шаршамай, оны өмірлік дағдысына айналдыра білді.

Сөйтіп жүріп соғысқа аттанған. Аттанар алдында басталған жазбасы қан-қасаптың ішінде мәңгі үзіліп қалуы мүмкін еді. Бірақ қаламгер майдан даласында жүрсе де қаламы мен қағазын жанынан ешқашан тастаған емес. Тіпті, соған өзі де таңқалған. Қып-қызыл өрттің арасында жазу жазатын жағдай қайдан болсын? Жауынгердің бұлай күнделік жазуы – екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы қызық құбылыс болған. Күнделіктің ішінде өзі шайқасқа кірген күннен бастап, жеңіс күніне дейінгі майдан шежіресі толық қамтылған. Әйгілі әскери журналистердің күнделік жазбалары болғанын білеміз. Ал қан майданда зеңбірек сүйретіп жүріп соғыс біткенше қатардағы жауынгердің күнделік жазуы таңқаларлық нәрсе. Мүмкін, бұл да бір рухтың күштілігі шығар. Сөйтіп, Әзілхан атамыздың жанкештілігінің арқасында тұтас бір соғыстың әр сәтінің тіпті айы-күніне дейін анық таңбаланғанына куә болдық. Майдан күнделіктері өмірге деген асқан құлшыныспен жазылған. Жас жауынгердің ойының бәрі жауды жеңіп, бейбіт таңның атқанын көрсек екен деген ниетпен өрілген. Бұл жазбалардың жеңісті жақындатқанына еш дау жоқ.

«Қарт қаламгердің күнделігі жазылған ең соңғы күн – 2011 жылдың 6 ақпаны екен. Сол күні қаламгер әдеттегіше Абай атамыздың ескерткішіне барып, тұғыртасын алақанымен аялап, Алатауға үнсіз қарап тұрыпты. Содан соң өзін жайсыз сезінді ме, әлде сол күннің әсерлерін күнделігімен бөліскісі келді ме, әйтеуір үй жағына беттеген» дейді жазушы туралы өз естелігінде М.Тоқтаған. [3,287] Оның күнделігіне ең көп аталатын есім – Абайдың есімі. Абыз ақынды жырлап, оған қатысты жәйттерді көркем сөзбен өрнектемеген жері жоқ. Тіпті Абайға арнап жазылған өлеңдерінде қағаз бетінен кездестіруге болады. Абаймен басталған жетпіс жылдық жазба Абаймен аяқталуы әбден мүмкін!

Өмір сапарының соңында жарыққа шығарып кеткен «Әскери күнделігі»- сұрапыл эпопея. Күнделік беттерін оқи отырып «Енді мұндай сұмдықты адам басына бермесін» деп қорытынды түйесің.

«Әскери күнделігі»- автордың тағдыры, ауылдан таңғы бозторғайдай шырылдап білім іздеп шыққан бозбала тағдырының бүкіл әлем күретамырын қиып тастауға жанталаса ұмтылған дүниежүзілік соғыс иіріміне қалай түсіпі бара жатқанын дәлме дәл көреміз. Бұл-тағдыр. Жаратушының адам баласына жазған тағдыры. Кешегі бозбаланың жүрегінен шыққан шыққан жолдарын оқып көрейікші:

«10 декабрь. Әскерге адамдармен бірге аттар да алыныпты. Военкоматқа көп ат жиналған екен...

12 декабрь. Бүгін бір эшелон жастар Алматыға келдік. Эшелон сонау Шығыс Қазақстан облысының жиырма екінші жылғы жастарын жинап, Семейге кетіпті... Алматыда жаңадан жасақталып жатқан 100 дербес қазақ атқыштар бригадасы деген құрамаға келіппіз. Майданға бәріміз бірге барамыз, қатар жүріп жаумен соғысамыз! Көңілімізге сол медеу!...» [1,11]

Он тоғыз жастың белесінен енді асқан Әзекеңнің жүрегіне өлім, ажал деген қорқынышты ойлардың алғаш рет ұя салып, алдында тұрған бетсіз-бедерсіз түнгі мұхиттай тұңғиық тылсым әрі жанталас соғысқа қарай тағдырын жалаулата ала қашқан алғашқы сәттердің бірі екен бұл.

«...Жас едім. Ажал дегеннің не екенін білмеуші едім. Сөйтсем, ажал адам екен. Қарап тұрсам, өлім де ажал еткен. Менің де бірнеше адамды өлтіріп, жауды жеңгім келеді. Өз жанымды қорғап, өзгенің жанын алуға тырысамын.» [1,102]

Міне, адам баласы атаулының әуелі өз жанына, өз отбасы мен жақынына зеңгір көктің жайындай жалт етіп бір сәтте ғана шаншылып түскен қатердің бетін қайтаруға қас-қағым мезетте ессіз елестейтін- сол пенде атаулының өзі де біліп-білмей тұрып, іштегі тіршілік нұры қорғану

үшін жарқ етіп сыртқа тепкенде қабылданып кеткен шешім.1942 жылдың ортасын ала көп дайындықтардан кейін 100-дубес атқыштар бригадасының құрамында қан майдан шегіне жетіп тұрған бозжігіт-Әзілхан Нұршайықовтың сол кездегі өлім, ажал туралы қорқыныш басқан жүреkteгі ойлары, енді күні бүгінге жетіп, мына адамды, асау ғасырды көктеп өтіп, келешектегі ұрпақтардың есігін қағып тұр. Гитлерлік фашизмнің жойқын қысымы мен Кеңес өкіметінің кері кеткен тағдырының арасына қысылып, қан жоса болған шыбын жандардың біреуі ғана бұл. Бірақ Әзағаның қаламынан қалған дәл осы «Әскери күнделік» көне түріктер әліменің өзегінен өтіп, кейінгі қазақ топырағынан серпіле көтерілген, қай заманда да туралығынан қайтпайтын, біреу өзін опыра шауып кетпесе, мыңқ етпей қара нар болып жүре беретін қазақ бабамның тоқтаусыз көшіндегі тат баспайтын, жарқырап тұрған әділет алдаспаны дер едік. Бұл күнделіктің әрбір күнін, әрбір жолын осындай биік зердемен оқу керек. Сөйтіп, біз кешегі –бүгінгі адамдардың бойына біткен нұрлы рухты көненің көзінен, оны терең сіңіріп, жоғалтпай ізденіп, өз иманында берік ұстай білетін сипатты сол кісінің өзінен іздей білгеніміз жөн. Бұл-Жаратаушы жасап қойған, ешқашан өзгермейтін ұлы заң.

1942 жылдың қақаған қысында Москва бағытында шегіне соғысып бара жатқан қазақ жауынгерлерінің Әзілхан Нұршайықов күнделігі арқылы бізге жеткен мына бір қасіретті оқиғасы, қай заманның адам болса-дағы төбе шашын тік тұрғызады: *«...Есімді жиып, жығылған жерімнен басымды көтерсем, зеңбірегім шоқиып қалыпты, оның жанында рачетымдағы жігіттер жайрап жаты. Анадай жерде передокқа жегілген 6 атым бірінің үстіне бірі құлап, үйме-жүйме болып қалыпты...Бірі үн қатпайды. Тек Әділхан ғана: «СержантӘСержант!»-деп маған қарай қолын созады. Оны қолтықтап орнынан тұрғыздым.*

-Мен екі көзден де айырылдым,-деді ол өзінің сабырлы үнімен.-Өзің амансың ба?

-Амандығымды қайтейін, өзге жолдастардың бәрінен айырылдық,!ділхан,-деді мен оны қыстыға құшақтап. Жылап жіберуге әзер тұр едім.

Жігіттеріміздің бәрі опат болды ма, сержант?-деді Әділхан сол қолымен көзін басып, қанын сүрткілеп.

-Иә,Әділхан.

Ол маған сенбегендей, жігіттердің атын кезек-кезек атады.

Мені жетектей солардың бетінен сипатша,сержант,-деді көздеуші маған. Мен оны жетектеп әкеп: «Мынау Айтқали,мынау Сұлтанғали, мынау Нұрғазы»,-деп еңкейтіп, қолын олардың бетіне тигіздім. Екеуміз өлі достарымызды қатар бетінен сипадық. Содан кейін: «Мынау Ахмет Оразов»,-деп оны тағы еңкейттім.

-Айналайын, алыбым-ай, жеткен жеріміз осы болды-ау,-деп Әділхан өксіп үн қатты...» [2,180]

Бұл не деген қасіретті оқиға?! Қайғылы сурет...Осы жолдарды оқыған адам бірнеше күн есін жия алмай жүрерері сөзсіз. Опта болып, ойраны шығып жатқан қазақстандық артиллеристердің қынадай қырылғанын мына тағдырын көзбен көріп, қолмен ұстағандай күй кешесің. Соғыс деген сұмдықтық осы екеніне тағы да көз жеткізесің.

Күнделіктің иесі немістің бір танкі ғана келіп, баудай түсіріп қырып кеткен қанды оқиғаны кейінгі күндері қағазға түсіріп отырса да,өзінің де, қырылып қалған команда мүшелерінің де, қансоқта болып жатқан жылқылардың да жеке-жеке азам шерлері мен жан күйзелістеріне бұрыла алмайды. Оларды еске түсіріп, сипаттап жатуға мұрша жоқ. Оиғаны қысқа да нақты тілмен баяндайды да қояды. Тіпті, суреткерлік әдіс те есінде жоқ. Автордың есінде бір-ақ нәрсе тұр. Ол- қан төге жүріп арпалысу, жеңілмеу, өзін де, өзгелерді де аман сақтау. Бұл көркем шығарма емес, күнделік. Күнде бастан өтіп жатқан опатты оқиғаларды жазып, тізбектеп отыру. Бір аяғың-көрде, бір аяғың жерде жүріп, қашан өліп, қашан тірі болатыныңды ,

кімнің не болатынын, артындағы жалпақ ел,атамекенінді тарихта қандай тағдыр күтіп тұрғанын білмесең де жаныңды пида етуге сәт сайын дайын тұру- қандай азап?

Мынандай үзінділерді «Әскери күнделігінен» [1,28] оқып қараңызшы:

«18 февраль...Біз моншаға түспегелі қашан...Бел шешпестен жаумен жағаласып келеміз.Оған ,міне, бір ай төрт күн болды.Денем әбден қышып жүретін.Биттегенімді әбден білдім...үстімнен түскен көйлекті қарасам, биттеп кеткен екен.Бит болғанда, тіпті, немістер сияқты мазасыз биттер болып шықты...»

10 март...Менің назарым бір әскер әйелге түсті. Жас қыз, өңі әдемі екен. Ішімізде бір бұзық бар болатын.Ол алпамсадай денелі, түсі суық болатын. Әлгі әскери қызды сол айналдырып тұр екен.Қыз көнетін болмады. Қыздың көнбейтінін анық білген соң, ол қызды жақтан салып жіберіп: «қазір вагонның астына тастаймын»,-деп оны есікке қарай сүйреді. Поезд қатты жүріп келеді. Қыз байғұстың иманы ұшып, денесі қалтырап кетті. Бейшара қыздың шарасы құрыды.Жуан күлімсиреді де, вагонның бұрышына алып барды...»

Қандай ащы көріністер?! Соғыста осындайлар да, бұдан асқан небір сұмдықтар да анық. Бірақ ертеңгі күні өзінің өлі не тірі болатынын білмейтін қазақ жауынгерінің қолы қалт еткен кезде көз алдындағы қым-қиғаш оқиғаларды осылай тізіп, жазып қоя беруі неткен ерлік десеңізші!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әзілхан Нұршайықов: әскери күнделік/ Өнер баспасы, 2010.-563 бет
2. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы/ Р.Тұрысбек, Қазақ Ұлттық университеті,2005.-271бет
3. Әйгілі Әзаға: естеліктер мен эсселер жинағы/М.Тоқтағазин-545 бет.